

ҒТАХР: 03.20

<https://orcid.org/0009-0000-3088-6656>

<https://orcid.org/0000-0003-3834-5883>

Режепова А.А., Алдабергенова М.К.*

7М01601-Тарих педагогін даярлау мамандығының

1 курс магистранты, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. Шымкент, Қазақстан

PhD докторы, доцент м.а. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. Шымкент, Қазақстан

ТАРИХ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ

***Автор-корреспондент: mol-nur_an@mail.ru**

Аннотация: Тарих сабағында көркем әдебиетті пайдалану – ең алдымен білім алушылардың адамгершілік қасиеттерінің дамуына септігін тигізеді. Аталмыш мақалада тарихты оқытуда көркем шығармамен жұмыс істеудің бірнеше тиімді әдістері, оларға қойылар талаптар, мұғалімнің шығармашылық мүмкіндіктері қарастырылады. Тарихты оқыту мен көркем әдебиетті үйлестіріп қолданудың маңыздылығы кеңірек талқыланады. Көркем әдебиетті қолдану арқылы білім алушыларға тарихи оқиғалар, өзгерістер мен тарихи тұлғалардың бейнесін нақты әрі әсерлі түрде қол жекізу жолдары қарастырылады.

Көркем әдебиет тарихи деректермен қатар қиялға да сүйенеді. Ал, мұғалімнің міндеті – нақты дерек пен көркем қиялды ажыратып, білім алушыларға ғылыми түсінік беру. Бұл мақаламызда білім алушыларда тарихты жалаң фактілермен емес, өмірлік оқиға ретінде қабылдауға, ұлттық құндылықтар мен патриоттық сезімді қалыптастыруға жол ашу мүмкіндіктері талқыланады.

Кілт сөздер: тарихты оқыту, көркем шығарма, әдіс, дереккөздер, эмпатия қалыптастыру, кітаппен жұмыс

МРНТИ: 03.20

<https://orcid.org/0009-0000-3088-6656>

<https://orcid.org/0000-0003-3834-5883>

Режепова А.А., Алдабергенова М.К.*

магистрант 1 курса специальности 7М01601-Подготовка педагогов истории.

ЮКПУ имени Ө.Жәнібеков. Шымкент, Казахстан

доктор PhD., и.о.доцента, ЮКПУ имени Ө.Жәнібеков. Шымкент, Казахстан

МЕТОДИКА РАБОТЫ С ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРОЙ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

***Автор-корреспондент: mol-nur_an@mail.ru**

Аннотация: Использование художественной литературы на уроках истории в первую очередь способствует развитию нравственных качеств учащихся. В статье рассматриваются несколько эффективных методов работы с художественной литературой при преподавании истории, требования к ним и творческие возможности учителя. Подробно обсуждается важность интеграции преподавания истории и использования художественной литературы. Используя художественную литературу, учащиеся знакомятся со способами реалистичного и эффективного представления исторических событий, изменений и исторических личностей.

Художественная литература опирается как на воображение, так и на исторические данные. Задача учителя - провести различие между фактической информацией и фантазией и дать учащимся научное понимание. В статье рассматриваются возможности открытия учащимися пути восприятия истории не как просто фактов, а как жизненного сюжета, формирования национальных ценностей и чувства патриотизма.

Ключевые слова: преподавание истории, художественное творчество, метод, источники, развитие эмпатии, работа с книгами

IRSTI: 03.20

<https://orcid.org/0009-0000-3088-6656>

<https://orcid.org/0000-0003-3834-5883>

Rezhepova A.A., Aldabergenova M.K.*

7M01601-Training of teachers of history educational program, O.Zhanibekov SKPU,
1st year master's student. Smymkent, Kazakhstan

doctor PhD., acting associate professor, O.Zhanibekov SKPU. Smymkent, Kazakhstan

METHODS OF WORKING WITH LITERARY CREATIVITY IN HISTORY LESSONS

Corresponding-author: mol-nur_an@mail.ru

Abstract: The use of literary creativity in history lessons primarily contributes to the development of students' moral qualities. The article considers several effective methods of working with fiction in history teaching, the requirements for them, and the creative possibilities of the teacher. The importance of combining history teaching and fiction is discussed in more detail. Through the use of fiction, students are presented with ways to convey historical events, changes, and historical figures in a realistic and effective way. Fiction is based on imagination as well as historical data. The teacher's task is to distinguish between real data and artistic imagination and provide students with a scientific understanding. This article discusses the possibilities of opening the way for students to perceive history not as mere facts, but as a life story, and to form national values and a sense of patriotism.

Keywords: teaching history, literary creativity, method, sources, building empathy, working with books

Kіріспе

Көркем әдебиет бұл - ой сүзгісінен өткен шындық. Яғни, көркем әдебиет шындықпен ажырамас байланыста, автордың өз дүниетанымы негізінде әдеби немесе тарихи оқиғаларды, белгілі бір кезеңдерді, тұлғаларды, сюжеттерді, образдарды жасауынан тұратын шығарма. Көркем әдебиет әлеуметтік-тарихи құбылыстарды танудың маңызды құралы болып табылады, сонымен қатар оқушылардың бейнелі ойлауын, алынған ақпаратты талдай білуін, ең бастысы салыстыра білуін дамытуға ерекше ықпал етеді. Көркем шығарма көркем образдар жасау құралы. Ол жазушының өмірлік тәжірибесіне негізделген.

Жазушы - қоғамның ар-ожданы. Шындықты жазған жазушының шығармасы – қоғамның шипагері. Ондай олжалы жақсы кітаптан басқа саған ешкім де, ештеңе де бермейді. Яғни, тарих сабағында көркем әдебиетті тану арқылы оқушылардың өмірлік мұраттары қалыптасады. Көркем әдебиеттің бейнелері, тарихи оқиғалар мен материалдар білім алушылардың жадында берік орнығуына ықпал етеді.

Тарих сабағында көркем шығармамен жұмыс жасаудың әдістемесін жасаумен М.А.Зиновьев, П.И.Паршаченко, М.Т.Студеникин сынды орыс педагогтары мен зерттеушілері кеңінен айналысты.

Әдіскер зерттеуші П.Паршаченко – «Художественная литература на уроках истории. Преподавание истории в школе» атты еңбегінде: «Мектепте тарихты оқыту процесінде көркем әдебиетті қолдану - білім беру мәселелерін шешуге ықпал етіп қана қоймай, зерттелетін дәуірдің мәнін түсінуге, тарихи құбылыстардың ерекшелігін сезінуге, оқушылардың көкжиегін кеңейтуге көмектеседі. Сондай-ақ тәрбиелік міндеттерді шешеді: өткеннің суреттері белгілі бір эмоцияларды тудырады, оқырманды алаңдатады, жанашыр етеді, таң қалдырады»[1,15] дейді. Расында да, біз көбінесе нағыз жазушының кітаптарын оқимыз, бірқатар эмоциялық сезімдерді бастан кешіреміз, таңырқаймыз, таңдай қағамыз, сүйсінеміз. Сонымен қатар, санамызға сана, көзімізге нұр, жүрегімізге жылу қосылады.

Ал, ресейлік тарихшы, педагог Е.С.Сенявская «Художественная литература как исторический источник» атты еңбегінде: «Педагогикалық технологиялардың маңызды

құрамдас бөлігі оқыту әдістері - мұғалім мен оқушылардың реттелген өзара байланысты іс-әрекетінің жолдары болып табылады[2,8]» дейді. Шынында да, көп педагогика саласына қатысты еңбектерде әдіс ұғымы мұғалім мен білім алушылардың іс әрекетіне тікелей қатысты айтылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Аталмыш мақалада нәтижеге тиімді қол жеткізу үшін ғылыми талдау әдісі, контент талдау әдісі, бақылау әдісі, тарихи-жүйелілік әдісі сынды біршама әдістер кеңінен қолданылды. Бұл әдістер зерттеу жұмысының негізін қалыптастырады және тәжірибелік жұмыстың нәтижесін арттыруға мүмкіндік береді. Ал, зерттеу материалдары жайлы айтар болсақ, Е.С.Сенявскаяның «Художественная литература как исторический источник» атты еңбегі, әдіскер зерттеуші П.Паршаченконың «Художественная литература на уроках истории. Преподавание истории в школе» атты еңбектерінен тарихты оқытуда көркем әдебиетті пайдаланудың тиімді әдістері жайлы мәліметтер алынды. Шерхан Мұртазаның «Алты томдық шығармалар жинағы» және Мұхтар Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» секілді көркем шығармалардан мысалдар келтірілді.

Теориялық талдау

Сабақта әдеби шығармалармен жұмыс жасау өткенді зерттеудің өзгеше бағыты болып табылады, бірқатар білім беру және тәрбие міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі. Сабаққа арналған материалдарды іріктеу кезеңі мұғалімнен үлкен педагогикалық шеберлікті және көп уақытты қажет етеді. Тарих сабағында пайдалану үшін көркем әдебиетті таңдауда біз екі негізгі ойды басшылыққа аламыз. Біріншіден, материалдың танымдық және тәрбиелік құндылығы, екіншіден, материалды таңдаудағы ең маңызды ой оның жоғары көркемдік құндылығы болып табылады.

Көркем әдебиетті таңдағанда мұғалім келесі аспектілерге назар аударғаны жөн:

1. Көркем шығарма қазіргі уақытта білім алушылар зерттеп жатқан тарихи оқиғаларды жандандыру мақсатында таңдалуы тиіс;
2. Тарихи тұлғалардың сипаттамасын қамтып, осы кезеңдегі халықтың жалпы көңіл-күйін жеткізу, әлеуметтік шындықты толықтай ашу қажет.

Педагогика саласында әр сабақта әдеби фрагменттерді қолданудың көптеген нұсқалары бар, олар пайдалану әдісіне байланысты әр түрлі нәтиже береді. Ал, тарих сабағында көркем әдебиетті қолдануда тарих мұғалімінің құзіреттілігінде мынандай мүмкіндіктер бар:

- 1) Сабаққа қызықты қадам - көркем әдебиет пен тарихи дереккөздерді қамтитын материалдардың үйлесімді болуы. Бұл мұғалімге осы немесе басқа тақырыпты толығымен қарастыруға мүмкіндік береді.
- 2) Көркем әдебиетпен жұмыс істеу кезінде мұғалім өз әңгімесіне әдебиеттен үзінділерді қосады, шығарманы дереккөз сияқты пайдаланады, түрлі-түсті сипаттамаларды, салыстыруларды және мәнерлі әңгіме үшін қажетті мәтіндерді алады.
- 3) Қысқа дәйексөздерді немесе сөздерді қолдану орынды.
- 4) Көркем әдебиетті оқытылған материалды қайталау сабақтарында да қолдануға болады және оларды білім беру және оқыту мақсаттарын пысықтау тетіктері ретінде қосуға болады.

Нәтижелер мен талдаулар

Сабақта білім алушылардың білімге ынтасы мен қызығуын арттыру үшін сабақтың құрылымы мен әдістерін түрлендіріп, көрнекі және техникалық құралдарды, түрлі ойындарды тиімді қолдану керек. «Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек» деп Жүсіпбек Аймауытов жайдан-жай айтпағанын ескеру керек. Сондықтан да, тарих сабағында білім алушыларға білім берумен қатар, олардың рухани-

адамгершілік қасиеттері мен ақыл-ой қабілеттерін дамыту мақсаттары да көзделеді. Осы орайда, кітаптың алар орны да орасан зор екенін де айта кетуіміз керек. Жалпы білім беру процесінде жиынтық бағалау, тоқсандық бағалау, қорытынды бағалау немесе үйге тапсырма берерде қолданатын тиімді әдістердің бірі бұл - кітаппен жұмыс әдісі. Білім беруші мекемелерде кітаппен жұмыс істеу негізгі әдістердің біріне айналды. Бұл әдістің мәнділігі білім алушының оқу ақпаратын өз ыңғайына, жағдайына қарай қайталап қарап, танымы өз шешімімен шектеледі. Бұл әдісті тиімді қолдану үшін белгілі бір талаптардың сақталуы тиіс. Төменде бірнеше талаптарға тоқталып кетеміз:

1) Кітаппен жұмыс істемес бұрын, білім алушыларға тақырыпқа немесе тапсырмаға байланысты кітаптар мен әдебиеттер тізімі беріледі.

2) Ал көркем әдебиеттер тізімі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, деңгейіне қарай таңдалады.

3) Кітаптағы мәліметтер тым көлемді болмағаны жөн. Керісінше, нақты әрі қызықты деректерді таңдап алу қажет [5].

Әдістің сапасы: еркін, жылдам оқып, ойдан өткізіп түсіну, қарастырылатын сұрақтарға әдебиеттер таңдай білу. Бұндай әдебиеттер тізіміне І.Есенберлиннің «Алтын Орда», «Көшпенділері», Б.Жандарбековтың «Сақтары», М.Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі», Д.Досжанның «Жібек жолы» шығармалары, С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романын, М. Шоқайдың «Қеңестер билігіндегі Түркістан» еңбектерін атауға болады.

Ендігі бір тиімді әдістердің бірі – деректерді зерттеу әдісі. Бұл әдіс материалды талдап, қысқаша ауызша немесе жазбаша нұсқаулар бергеннен кейін білім алушылар әдебиеттерді, дереккөздерді өз бетінше зерттеп, бақылаулар мен өлшемдер жүргізетін және басқа да ізденіс әрекеттерін орындайтын әдіс. Бастамалық, дербестік, шығармашылық ізденіс барынша толыққанды зерттеу іс-әрекетінде көрінеді. Білім алушылар ғылыми зерттеулердің куәгерлері және қатысушылары болады. Бұл әдіс бұрын да, қазіргі уақытта да кеңінен қолданылған. Осы әдіске мәселен, білім алушыларға дөңгелек үстел ұйымдастырып, «Он алтыншы жылдың жазығы не?» деген ортақ тарихи тақырыпты ұсынамыз. Азаттық дегенде таңдайымыз тақылдап, бірімізден біріміз асып түсеміз. Азаттықты жанымыздай жақсы көреміз. Сол азаттық үшін қырғын күрестің көкесі 1916 жылы туды, көтеріліске шыққандардың қаны судай болып ақты. Мыңдаған адам бостандық жолында шейіт кетті. Патшаның жазалаушы отрядтары қаншама қазақ-қырғызды жазықсыз қырып жіберді. Орасан көтеріліс туралы Тұрар Рысқұлов - «Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году», Мұхтар Әуезов «Қилы заман» кітаптарын жазды. Ал, Торғай көтерілісі туралы талай еңбек дүниеге келді. Тұрсын Жұртбаев пен Сейдәлім Тәнекеев Қарқара көтерілісін тірілтті. Енді төменде деректерді зерттеу әдісіне қойылар бірнеше талаптарды атап кеткенді жөн көрдік:

1) Ғылыми дәлдіктің болуы - жиналған деректер сенімді, дәл және тексерілген болуы шарт. Кез келген ақпарат сенімді дереккөзге ие болуы керек.

2) Объективтілік яғни шынайылық. Қолданылып жатқан көркем әдебиет анық фактілерге сүйеніп жазылған ба, немесе жалған ақпараттар басым ба, соны анықтау қажет. Сосын зерттеуші деректерді талдағанда жеке көзқарастарының араласуына жол бермеуі тиіс.

3) Реттілік пен бірізділіктің де болуы шарт. Яғни, деректер белгілі бір жүйеде жиналып, сұрыпталуы керек.

4) Тарихи дәлдікті сақтау. Егер таңдап алынған көркем шығармада нақты тарихи дерек болса, оны сол дәуір аясында қарастыру керек.

Сабақтарда көркем әдебиетті қолданудың негізгі мақсаттары - білім алушылардың ойын, зейінін, қабылдауы мен қиялын жақсарту. Сонымен, тарихи білімнің қайнар көзі ретінде шығармалардан үзінділерді оқу әдісін айта кетсек болады. Мәселен, бәрімізге белгілі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі десе, көз алдымызға тек Аманкелді Иманов

бастаған Торғай көтерілісі ғана келеді. Ал, шындығында бұл көтеріліс Қазақстанның дерлік барлық аумағында болды. Бұған дәлел Шерхан Мұртазаның «Тағы да он алтыншы жыл туралы» атты толғамы: “Кейбіреулер айтатын көрінеді: қазақта ұлт-азаттық көтерілістері көп болған, қайсібірін атай береміз деп. Қате пікір. Біз үшін Азаттық аңсаған көтерілістердің бәрі ардақты. Бірақ солардың көбі аймақтық сипатта болған. Ал, Он алтыншы жылғы көтеріліс – бүкіл Қазақстандық, бүкіл Орта Азиялық ұлт-азаттық көтеріліс. Он алтыншының Ұлт-азаттық көтерілісі біздің советтік тарихымызда қатты бұрмаланып көрсетілді. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі десе көпшілік тек Торғай көтерілісін ғана біледі. Өйткені үгіт-насихат жұмысы солай өрбіді. Соның өзінде де Торғай көтерілісін көрсетуге де рабайсыз көріністер көп»[3,512]. Біз осындай құнды ойларды оқыту арқылы білім алушылардың бойында ұлтқа деген шексіз құрметті, ұлттық рухты оятамыз. Ал енді, сол көтеріліс жетекшілерінен көпшілік А.Имановты ғана біледі. Одан басқа да қаншама көтерілістің бас-қасында болып, ақтық демі қалғанша күрескен күрескерлер төл тарихымызда қаншама. Осы орайда біз және Ш.Мұртазаның мына бір дерегіне жүгінеміз: «Аманкелдіден әруағы асып тұрмаса, кем емес, Әбдіғапар хан туралы не білеміз? Немесе, өмірі өкінішті Кейкі батыр туралы тарихта там-тұм да болса бірдеңе бар ма? (Рас, көркем әдебиетте бір кітап бар.) Жетісу көтерілісінің көсемі мен батыры Бекболат туралы не білесіз? Меркі көтерілісі туралы, оның басшылары Ақкөз батыр туралы хабарымыз шамалы. Тарихтағы ең үлкен сорақылық - Қазақстанның Оңтүстік өлкесінде он алтыншы жылы болған Албан, Жетісу, Меркі көтерілістерін ұлт-азаттық көтерілісі деп бағаламай, жалпы орысқа қарсы реакциялық теріс көтеріліс деп қара таңба басуы[3,513]» деп жазады. Осындай құнды мәліметтер әр білім алушы үшін қызық әрі пайдалы. Сондықтан да үзінділерді оқыту әдісін сабақтарда қолдану өте тиімді. Төменде үзінділерді оқудың біршама талаптарын айта кетуді жөн көрдік:

- 1) Ең алдымен, үзіндіні қатты оқып шығу керек, бірақ айқайлаудан аулақ болған жөн.
- 2) Орташа қарқынмен оқу тиіс, сөздерді шамадан тыс созбай немесе тез және сөйлемді бұзбай оқу және дауыс күші сынып өлшемдеріне сәйкес болуы қажет [6].
- 3) Сабақтың назарын және қатысуын сақтау үшін кідірістерге төтеп беру керек, мәтіннің ерекше маңызды бөліктеріне назар аудара алу үшін мәнерлеп оқып, күрделі сөйлемдердегі материалдарды түсінуге көмектесу керек. Білім алушыларға сабақ барысында ұлт-азаттық көтерілістеріне байланысты тақырыптарды түсіндіргенде осындай толғамдардан үзінділерді келтіріп оларды тарихи оқиғаларды терең ұғынуға үйретеміз.

Білім беру процесіндегі маңызды бағыттардың бірі - көркем әдебиетті оқыту арқылы білім алушыларда эмпатия қалыптастыру. Эмпатия қалыптастыру білім алушыларға тарихи оқиғаларды жақсы түсінуге, сол кездегі атмосфераға енуге, тарихи тұлғалардың жан дүниесін тереңірек сезінуге мүмкіндік береді. Көркем әдебиет арқылы білім алушыларда эмпатия қалыптасады. Мәселен, біз білім алушыларға сабақта жоңғар шапқыншылығын, Абылай хан тұсындағы кезеңдерді, оқиғаларды өткен кезде, Абылайдың қалмақ тұтқынында болуы жөніндегі әңгімелердің бірінде мынандай тарихи сұхбаттардың ұшырасуын атап кетсек болады: «Қалдан Серен Абылайдан сұрапты дейді: Әлемдегі ең күшті әмірші кім?-деп. Масаттық та бар, сын да бар. Қайткенде де өзін айтады деп ойласа керек. Сонда Абылай: «Дүниедегі ең құдіретті әмірші - түріктің қондыгері, одан соң орыстың ақ патшасы, - депті. Олардан соң екеуміз», - депті. Қалдан Серен: «Рас, рас», - деп мақұлдаған екен. Содан кейін Абылай: «Кіші халықты басқарып отырсың, үлкен халыққа лайық әміршісің» - десе керек. Бұл да рас еді»[4,23].

Расында да, қазақ хандығын басқарған әр ханның өзіндік болмысы мен ұстанымдары болды. Бұндай деректерді оқи отырып, білім алушылар Абылай ханның тапқырлықпен берген жауабын, ішкі рухының мықтылығын, дұшпанының дәл қасында отырса да, одан тайсалмағанын байқауға болады. Осы сынды бірнеше мәліметтер Кеңестік және Қазақстандық тарихшы, бірнеше тарихи романдардың авторы, жазушы Мұхтар Мағауин

өзінің «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегінің «Абылай-Баһадүр хан» атты тарауында кеңінен жазулы тұр. Сонымен қоса, білім алушыларда эмпатия қалыптастыруға қойылатын бірнеше талаптар бар:

1) Назар аударып тыңдау: яғни оқылып жатқан мәліметті немесе деректі ден салып, алаңдамай тыңдау. Бұл эмпатияның негізі болып саналады.

2) Ішкі күйді түсіну қабілеті - бұл шынайы эмпатияның белгісі. Тереңірек айтсақ, бұл қабілет жүрек пен сана арқылы жазушының айтпақ ойын тереңірек түсінуге бағытталған.

3) Оқылып немесе айтылып жатқан шығармаға біржақтылықпен баға бермеу яғни алдын ала баға бермеу қажет. Эмпатия танытқанда алдымен, тарихи оқиғаны, тарихи жағдайды немесе тарихи тұлғаны кіналамай, сынаудан бұрын, түсінуге тырысу керек.

4) Келесі қойылар талап - шыдамдылық пен сабырлылық. Белгілі бір тарихи мәліметті немесе фактіні оқып жатқанда сабыр сақтап соңына дейін оқу немесе тыңдау қажет.

Қорытынды

Тарих - тек қана белгілі бір фактілердің жиынтығы емес, адамзат қоғамының өткені мен бүгіні, тұтастай бір ұлттың тағдыры. Ал, оны оқытуда білім алушыларда есте сақтау қабілетімен қоса, өткенді эмоциялық сезіну, сын тұрғысынан ойлау және бойында адамгершілік құндылықтарын дамыту аса қажет. Бұл орайда көркем шығарманы қолдану – тарих сабағын жандандырудың, білім алушыларды өткенмен байланыстырудың тиімді құралы болып табылады.

Жалпы, қорытындылай келе, көркем әдебиет тарихи мәліметтерді нақтылауға, білім алушыларға және тарихты білгісі келетін барлық адамдарға өткен дәуірдің жарқын бейнелерін, тарихи оқиғалардың ащы шындығын күрделі түрде білуге көмектеседі. Біз жоғарыда білім алушыларға көркем шығармаларды қолдануда тиімді бірнеше әдістерді талдап көрсеттік. Аталмыш әдістерді өз сабақтарымызда кеңінен қолдануымызға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Паршаченко П. Художественная литература на уроках истории. //Преподавание истории в школе. 2001. № 5-6. С.15.
2. Сенявская Е.С. Художественная литература как исторический источник // История: Еженедельное приложение к газете 1 сентября. 2001. № 44. С. 7-13.
3. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы, Мақалалар, публицистикалық толғамдар. Алматы. «Қазығұрт». 2002. 16 б.
4. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі, Деректі толғам. Алматы. «Мектеп». 2008. 23 б.
5. Кундакбаева Ж. Новые парадигмы в преподавании истории Казахстана: конструктивистская педагогика и инновационные технологии обучения. 2015. С.49
6. Мубараков А.М., Байгожанова Д.С. Білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулер жүргізудің әдіснамалық негіздері (aknur-medet.kz). 2008. 85 б.

Referense liste:

1. Parshachenko P. Khudozhestvennaya literatura na urokakh istorii. //Prepodavaniye istorii v shkole. 2001. № 5-6. С.15.
2. Senyavskaya Ye.S. Khudozhestvennaya literatura kak istoricheskiy istochnik // Istoriya: Yezhenedel'noye prilozheniye k gazete 1 sentyabrya. 2001. № 44. S. 7-13.
3. Murtaza Sh. Altı tomdıq shıgarmalar zhinagı, Maqalalar, publicistikalıq tolgamdar. Almatı. «Kazıgurt». 2002. 16 b.
4. Magauin M. Kazaq tarihinin alıppesi, Derekti tolgam. Almatı. «Mektep». 2008. 23 b.
5. Kundakbayeva ZH. Novyye paradigmy v prepodavanii istorii Kazakhstana: konstruktivistskaya pedagogika i innovatsionnyye tekhnologii obucheniya. 2015. S.49

6. Mubarakov A.M., Baygojanova D.S. Bilim berw salasındaǵı pedagogikalıq zertteuler zhurgizudin adisnamalík negizderi (aknur-medet.kz). 2008. 85 b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Алдабергенова Молдир Кенесбековна** - Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, доктор PhD, доцент м.а. Шымкент, Қазақстан mol-nur_an@mail.ru. Тел.8-702-370-30-47